

Қарабұлақ мектеп – балабақшасының 2023-2024 оқу жылы бойынша

Қамқоршылық кеңесі отырысының хаттамасы

Қарабұлақ ауылы

№ 2

28.12.2023ж.

Өткізілу уақыты: 11:00

Өту орны: биология кабинеті

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңесінің мүшелері, мектеп директоры

Күн тәртібінде:

1. Мектеп директорының Қамқоршылық кеңес мүшелерінің алдында есеп беруі.
2. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушыларға көмек көрсету.
3. Оқушылардың демалыс уақытын тиімді ұйымдастыру және құқық бұзушылықты алдын алу мәселелері.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз кезегі мектеп директорының м.а: А.Шариповқа берілді. Ол өз сөзінде 2023-2024 оқу жылының қыркүйек айынан желтоқсан айына дейінгі атқарылған жұмыстарға есеп берді.

- Қазіргі заманға сай шебер ұстаз болу заман талабы. Сондықтан мектептегі мұғалімнің кәсібін жетілдіру бағытында мектептегі іс-шаралардың маңызы зор.

Қазіргі таңда мектебімізде 26 мұғалім жұмыс жасап, балаларға білім беруде. Жалпы биыл мектеп бойынша 80 оқушы білім мен тәрбие алып отыр. Мектепте 100 % білім алушылар үйірмелер мен секцияларға қатысады.

«Қайырымды істер марафоны» атты акция бойынша «Жаныңда жүр жақсы адам» ауылдың ақсакалымен кездесу өтті.

Екінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңестің төрайымы А.Кулбалаев сөз алды. Ол өз сөзінде әлеуметтік қолдау қажет ететін оқушыларға көмек көрсету мақсатында демеушілерді көбірек тарту шараларын ұйымдастыру керектігін айтып өтті. Ауылымыздағы жеке қожалықтарға, ауыл әкімшілігіне, ауылдағы дүкендерге алдағы келе жатқан жана жыл мерекесі қарсаңында оқушыларға сыйлықтар алып берулерін сұрап хаттар жолданғанын айтты.

Үшінші мәселе бойынша сөз кезегі директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары С.Карасаева сөз алды. Ол өз сөзін

Кұқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында іс-шаралар жоспары құрылып, жоспарлар бойынша жұмыстар атқарылуда екенін атап кетті. Олар әртүрлі дөңгелек үстелдер, кездесулер, түнгі рейд және жиындар. Атқарылып отырған барлық шаралар уақытında әлеуметтік желіге жарияланып отыр деді. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мәселесіне тоқтала кетсем 4 үйірме және 3 спорттық секциялар жұмыс жасайды. Демалыс уақытында оқушылардың 85%ы қатысып отыр.

Шешімі:

1. Мектеп директорының м.а: А.Шарипов есебі қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушыларға көмек көрсету мақсатында демеушілерді тарту шараларын ұйымдастыру.
3. Оқушылардың сабақтан тыс уақытын және құқық бұзушылықтың алдын алу тиімді ұйымдастыру

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:



А.Кулбаев

Хатшы:



С.Карасаева